

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

«Геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау»
кафедрасы

Тұрмағанбет Құралай Сәуірбекқызы

Дипломдық жобаның

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

**«Галенит кенбілінімінде іздеу-бағалау жұмыстары»
тақырыбы**

5B070600 – «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау»


Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

«Геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және
барлау» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ГТПҚКІЖБ кафедрасының
меңгерушісі, PhD докторы,
ассоц. профессор
 А.А.Бекботаева

« 21 » 05 2022 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА


«Галенит кенбілінімінде іздеу-бағалау жұмыстары»
тақырыбы

5B070600 - «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау»


Орындаған:

Қ.С.Тұрмағанбет

Пікір беруші

Қ.И.Сәтбаев атындағы
геол.ғылымд.институтының Аға
ғылыми қызметкері, PhD докторы
 3.Т.Умарбекова
« 19 » мая 2022 ж.

Ғылыми жетекші

геол-минер. ғылым. кандидаты,
ассоц. профессор
 Я.К. Аршамов
« 19 » мамыр 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

“Геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау” кафедрасы

5B070600 – «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау»

БЕКІТЕМІН

ГТПҚКІжБ кафедрасының
меңгерушісі, PhD докторы,

 ассоц.профессор
А.А. Бекботаева

«21 __» 05 _____ 2022 ж.

**Дипломдық жобаны даярлауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Тұрмағанбет Құралай Сәуірбекқызы

Жобаның тақырыбы: Галенит кенбілінімінде іздеу-бағалау жұмыстары

Университеттің № 489-П/Ө «24» желтоқсан 2021 ж. бұйырығымен бекітілген

Орындалған жобаның өткізу мерзімі «25» мамыр 2022 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері:

Диплом алдындағы практикада жиналған сызба және жазба материалдары

Есеп–түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жобасының мазмұны:

Кіріспе

а)Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы

б)Кенорынның геологиялық құрылысы

с)Жобаланған жұмыстардың әдістемесі жұмыстардың көлемі

д)Күтімдегі қорларды есептеу

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген):

1. Галенит кенбілінімінің геологиялық картасы

2. Геологиялық қима

3. Қорларды есептеу сызбасы



Ұсынылған негізгі әдебиеттер: 1. Бакенов М.М. Золоторудные формации Казахстана. – Алма-Ата, Наука, 1976г.

2.Соколов А.В.,1984ж. 1:10000 масштабтағы дәлдікті іздеу жұмыстары.

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Ауданның экономикалық-географиялық сипаттамасы	15.02.2022 ж	
Жобалық жұмыстардың әдістемесі	18.03.2022 ж	
Күтудегі қорларды есептеу	25.03.2022 ж	
Экономикалық бөлім	15.04.2022 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
Қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Ауданның экономикалық-географиялық сипаттамасы	Я.К. Аршамов геол.-минер. ғылым. кандидаты, ассоц. профессор	19.05.2022	
Жобалық жұмыстардың әдістемесі	Я.К. Аршамов геол.-минер. ғылым. кандидаты, ассоц. профессор	19.05.2022	
Күтімдегі қорларды есептеу	Я.К. Аршамов геол.-минер. ғылым. кандидаты, ассоц. профессор	19.05.2022	
Экономикалық бөлім	Я.К. Аршамов геол.-минер. ғылым. кандидаты, ассоц. профессор	19.05.2022	
Қалып бақылаушы	М.К. Кембаев PhD докторы, сениор-лектор	20.05.2022	

Кафедра меңгерушісі,
PhD докторы, ассоц. профессор



А.А. Бекботаева

Ғылыми жетекші, геол.-минер.
ғылым. кандидаты, ассоц. профессор



Я.К. Аршамов

Тапсырманы қабылдаған студент



Қ.С.Тұрмағанбет

Күні

«24» желтоқсан 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

“Геологиялық карта түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау”
кафедрасы

БЕКІТЕМІН

ГТПҚКІЖБ кафедрасының
меңгерушісі, PhD докторы,

ассоц. профессор



А.А. Бекботаева

«21 » 05 2022 ж.

Пайдалы қазба

Алтын

Нысана аты

Галенит

Кездестірген жері

Қазақстан Республикасы, Алматы облысы

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАПСЫРМА

Дипломдық жобаның тақырыбы: Галенит кенбілінімінде іздеу-бағалау жұмыстары

Геологиялық тапсырма берудің негізі: Өндірістік және диплом алды практикадан жинап әкелінген геологиялық материалдар

1 Жұмыстардың мақсаты, нысананың кеңістіктегі шекарасы, бағалаудың негізгі көрсеткіштері:

Кен білінімінің 100 м тереңдікке дейінгі өнеркәсіптік маңызын айқындау, С₂ категориясы бойынша қорын және Р₁ категориясы бойынша болжамдық ресурстарын есептеу.

2 Геологиялық мәселелер, оларды шешу тәртібі мен негізгі әдістері:

1) Әрбір 40-50м сайын канаваларды жүргізу арқылы кенді денелерді кеңістікте пішімдеу.

2) Ұңғымаларды бұрғылау арқылы жалпы түрде тереңдікте кенді дененің ішкі құрылысын және жатыс жағдайын, кендердің заттық құрамын анықтау.

3) Аз көлемді технологиялық сынамалар алу арқылы бастапқы түрде кендердің технологиялық қасиеттерін зерттеу.

4) кен білінімінің перспективасы жайлы техника-экономикалық пікірін (ТЭП) құрастыру.

3 Жұмыстарды орындау мерзімі мен болашақ нәтижелері (есеп беру құжаттардың түрлерін көрсету қажет):

Жұмыстардың нәтижесінде пайдалы компоненттің C_2 категориясы бойынша қорын есептеу және P_1 категориясы бойынша болжамдық ресурстары есептеледі және есепнама құрастырылады.

Дипломдық жобаның жетекшісі _____



Я.К. Аршамов

АҢДАТПА

Дипломдық жобада Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Ақши ауылдық округінде орналасқан алтын кенді Галенит кенбілінімі ауданының геологиялық-геофизикалық зерттелу тарихынан бастап, оның жаралуының барлық ерекшеліктері баяндалған.

Галенит кен білінімінде іздеу жұмыстарын жобалау барысында жұмыстар кешеніне ұнғымаларды бұрғылау кіреді. Кенді минералданудың тереңдікте орын алуын зерттеу, қоршаған таужыныстары қималарын зерттеу мақсатында және геологиялық қималарды салу үшін бұрғылау жұмыстары жобаланады.

Дипломдық жобада Галенит кен білініміне іздеу жұмыстарын жобалаудың әдістемесі толық қарастырылған.

Дипломдық жобаның мақсаты Галенит кен білінімінде іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу және оның өнеркәсіптік маңызын айқындау болып келеді. Сонымен қатар Галенит кен білініміне іздеу-бағалау жұмыстарын жобалау 100 м тереңдікке дейін өнеркәсіптік маңызын айқындап, С₂ категориясы бойынша қорын және Р₁ категориясы бойынша болжамдық ресурстарын есептеу.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте описаны история геолого-геофизического исследования района, особенности образования рудопроявления золота, Галенита, который находится в Акшийском сельском округе Енбекшиказахского района Алматинской области.

При разработке поисковых работ в области знания на рудопроявлении Галиента комплекс работ включает в себе бурение скважин. Бурение будет проводиться для изучения глубокого присутствия минерализации, изучения участков окружающих горных пород и для строительства геологических участков.

В проекте детально рассмотрены методика проведения поисковых работ на рудопроявлении Галенит.

Цель дипломного проекта - провести разведку и оценку галениновой руды и определить ее промышленное значение. Кроме того, разработан проект разведки и оценки месторождений галениновых руд до глубины 100 м, определение промышленного значения, подсчет запасов по категории C_2 и прогнозных ресурсов по категории P_1 .

SUMMARY

In the degree project the history of a geologic-geophysical issldovaniye of the area, feature of formation of a rudoproiyavleniye of gold the Galenite which is In the Akshiysky rural district of the Enbekshikazakhsky region of Almaty area are described.

The design of exploration works in the Galenite field includes drilling of wells. Drilling will be designed to study the depth of ore mineralization, to study the surrounding rock sections and to build geological sections.

In the project are in details considered a technique of carrying out search works on a rudoproiyavleniye the Galenite.

The purpose of the diploma project is to conduct exploration and evaluation of galenite ore and determine its industrial significance. In addition, the design of exploration and assessment of Galenite ore deposits to a depth of 100 m, determining the industrial significance, the calculation of reserves for category C_2 and forecast resources for category P_1 .

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	11
1 Ауданның экономикалық-географиялық сипаттамасы	12
1.1 Галенит кенбілінімінің геологиялық құрылысы	13
1.1.1 Стратиграфиясы және магматизмі	13
1.1.2 Галенит кенбілінімінің экология-гологиялық жағдайы	14
2. Жобалық жұмыстардың әдістемесі жұмыстардың көлемі	16
2.1 Геологиялық тапсырмалар мен оларды шешу жолдары	16
2.2 Тау-кен жұмыстары	16
2.2.1 Канаваларды жүргізу	16
2.3 Бұрғылау жұмыстары	17
2.4 Ұңғымаларда жүргізілетін геофизикалық жұмыстар	27
2.5 Сынамалау жұмыстары	28
2.5.1 Сынаманы өңдеу	29
3 Күтімдегі қорларды есептеу	31
4 Экономикалық бөлім	33
4.1 Геологиялық барлау жұмыстарын жобалау ерекшеліктері	33
4.2 Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу сметасы	38
ҚОРЫТЫНДЫ	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	41
Қосымша А	42
Қосымша Б	43
Қосымша В	44
Қосымша Г	45

КІРІСПЕ

Галенит алтын кенді кен білінімі Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Ақши ауылдық округінен оңтүстік батысқа қарай 15 км жерде орналасқан.

Ауданның климаты шұғыл континентті, қысы жылы, жазы ыстық. Қаңтар айында орташа температура -9-10С⁰-ты құрайды, ал маусым айында 20-24С⁰-ты құрайды. Жылдық орташа жауын-шашын 200 -700мм құрайды.

Аудан территориясы бойынша Құрты, Үлкен Алматы және т.б өзендер ағып өтеді.

Дипломдық жобаға қажет геологиялық мәліметтер диплом алды тәжірибе барысында жиналды. Жобаның негізгі мақсаты Галенит кен білініміне іздеу-бағалау жұмыстарын жобалау 100 м тереңдікке дейін өнеркәсіптік маңызын айқындап, С₂ категориялары бойынша қорын есептеу және Р₁ категориясы бойынша болжамдық ресурстарын есептеу болып табылады.

Дипломдық жобаны орындау сатыларында ауданның геологиялық құрылысы, кенорынның ерекшеліктері жайлы фондылық және әдебиет материалдары жинақталып, талданды. Университет қабырғасында арнайы пәндер бойынша меңгерілген әдістер мен амалдар іске асырылды.

1 Ауданның географиялық-экономикалық сипаттамасы

Әкімшілік орналасу жағдайына байланысты Галенит алтын кенді кенбілінімі Алматы обылысы Еңбекшіқазақ ауданы Ақши ауылдық округінен оңтүстік батысқа қарай 15км жерде орналасқан.

Ауданның климаты шұғыл континентті, қысы жылы, жазы ыстық. Қаңтар айында орташа температурасы-9-10С⁰-ты құрайды, ал маусым айында 20-24С⁰-ты құрайды. Жылдық орташа жауын-шашын 200 -700мм құрайды.

Аудан территориясы бойынша Құрты, Үлкен Алматы және т.б өзендер ағып өтеді.

Халықтың басым көпшілігі Ақши ауылдық округіне қоныстанған. Ауданда жеміс-жидек, көкөніс, құс және мал шаруашылығы кеңінен дамыған.

Сипатталатын аудан Іле құрылымды-формациялық зонасының әртүрлі участоктарын қамтиды. Зона шекарасы Алматы жаралым зонасымен сәйкес келеді.

Бұдан басқа, ауданның оңтүстік-батысында вулканды және плутонды түзілімдер арасында Жалайыр-Найман құрылымды ауданының геологиялық денесі сақталып қалған.

Жалайыр-Найман құрылымды ауданының түзілімдері силур жүйесінің теңіз шөгінділерімен, Оңтүстік Жоңғар және Іле Алатау орта-жоғарғы палеозой вулканды және плутонды таужыныстарымен көрсетілген.

Оңтүстік Жоңғар аймағында силур түзілімдері кең таралған. Түзілімдер бижин сериясын құрайды, құрамында төменгі лландовер көксай теңіз карбонатты формациясы (көксай свитасы), орта лландовер каспан карбонатты-көміртекті формация (каспан свитасы), жоғарғы лландовер қаракүнгеі флишті формациясы (қаракүнгеі свитасы) және венлокты арқалық қызыл түсті моллассалы формацияға (арқалық свитасы) бөлінеді.

Аталған формациялар ішкі континентті формацияларға жатады, сипатталатын ауданның қатпарлы негізіне жатады.

Зерттелетін ауданда тек жоғарғы лландовер формациясының түзілімдері жатыр. Қысқаша сипатталған субвулканды және плутонды геологиялық денелер (силур теңіз түзілімдерін қоспағанда) Қазақстанның девон және жоғарғы палеозой Балқаш маңы-Іле вулканды плутонды белдемдері қалыптасу дәуіріндегі түзілімдер болып саналады.

1.1 Галенит кен білінімінің геологиялық құрылысы

1.1.1 Стратиграфиясы және магматизмі

Ортаңғы таскөмір-төменгі пермь. Қоғалы свитасы (C₂-P₁kq)

Қоғалы свитасының қышқыл құрамды литокристаллокластық туфтардан, туфиттерден және туфты құмтастардан қабатынан және де ерте триас жаралымы Сарыбұлақ субвулкандық кешенінің трахиандезибазальтты шток тәрізді денелерінен тұрады. Қабаттар солтүстік ромбалындарда 7-10° орналасқан. Жауындық пирокластикалық жыныстар ұсақ субвулкандық трахириолит денелерімен ($\tau\lambda e_2 - \rho_1$) және диорит порфирлердің ($\alpha\rho T_1$) ұсақ түрлерімен тесілген.

Галенит кен білінімінің жыныстары ұсақ сынықтарымен сындырылған, олар бойынша сыну аймақтарында галенит, халькопирит, пиритпен кварцтық бөлініс дамыған. Екі аймақ ерекшеленеді: 50 м және 150 м, қаттылығы 0,5- м.

Алтын және күміс кварцты метасоматиттерде кездеседі. Олардың ішінде туфтар және трахиандезитті порфирлер бойынша жаралғандары көбірек алтынды болып келеді.

Олар осы жыныстың реликтілі кірігулерін құрайды және олар брекчиялы құрылымды слюдалы-калишпат-кварцты жаралымдарға айналады. Алтын құрайтын метасоматиттерде гипогенді (соның ішінде ильменитте) және гипергенді (ярозит, лимонит, алтын және т.б.) минералдар кең дамыған, интенсивті серициттену дамыған.

Алтын көбінесе бос күйінде кездеседі, сонымен қатар алтынның біршама бөлігі сульфидтермен кездеседі. Алтынды пириттерде қоспа ретінде күміс, мыс, қорғасын, мырыш кездеседі, кейде күшәланың біршама бөлігі кездеседі. Алтынның өлшемдері ерте стадиядан кеш стадияға дейін өсіп тұрады. Алтын өзгерген сульфидтелген ксенолиттердің сынықтырының бойында орналасқан. Пішіні изометрлі, созылған және дендритті болып келеді. Сирек алтын пириттен өсінді ретінде желішелер құрап кездеседі.

Жүргізілген жұмыстарды талдау арқылы мынадай қорытынды шығарылған:

- учаске аумағында іздеу жұмыстарын жүргізу қажет.
- кен білінім нақты анықталған жоқ.
- бірнеше ұңғыма бұрғылау қажет.
- практикалық жағынан қызықтырмайды.
- кенді денелердің жалпылама, ұсақ өлшеміне және алтын мөлшерінің аз болуына байланысты практикалық маңызы жоқ.

Бұрын жүргізілген жұмыстардың сатысы, олардың түрлері мен көлемі және де есепнама авторларымен жүргізілген жұмыстар:

- 1) А.Ф.Метленков, 1964 ж. Егжей-тегжейлі іздеулер.
- 2) А.В.Соколов, 1985 ж. 1:10 000 масштабты егжей-тегжейлі іздеулер. Г-182 м іздеу ұңғысы, арықтан металлометриялық үлгі алу. Жердің орталығындағы негізгі аймақ бойынша кішігірім кен интервалдары, флангінің оңтүстік-

шығысында: К-108-Рв-1,13%, 0,5 метрге Ау-0,1. К-110 – Рв-1,1%, Zn-0,3%, 2 метрге Ау-2 г/т. К-91 – Рв-1,23%, Zn-0,2%, Ау-1,9, Ag-10,5. К-32-Рв-0,46%, Zn-1,1% - 11 метрге. Ау-1,6 - 0,5 метрге. Негізгі аймаққа параллельді түрде 115 арығымен жабылып жатқан квартену аймағы орналасқан, онда 8 метрге Рв-1,83%, Zn-2,55% және Ау-0,4 г/т. Осы аймақта №147 ұңғы орналасқан. Кварцтенген интервалдарда мыс, мырыш, қорғасын бар -0,1-0,3%. Аймақтың солтүстік-шығыс бөлігінде (II Галенит) 6 арық өткен: Рв-0,1-0,2%, Zn-0,1-0,22%. Алтын барлық арықтық қиылыстарда бар: 1-1,5 г/т.

3) Е.П.Мамонов, 2005 ж. ГДП-200. Іздеу жолдары

1.1.2 Галенит кен білінімінің экология-геологиялық жағдайы

1:500 000 масштабтағы экология-геологиялық схемасы 1:2500 000 масштабтағы Қазақстанның экологиялық картасын және Орталық Евразияның геоэкологиялық атласын қолдана отырып жасалды.

Ауданның схемасында қазіргі экзогенді және ластану объектілерінің техногенді процестері көрсетілген.

1996 жылғы 1:2500 000 масштабтағы картаға сәйкес зерттелетін аудан экологиялық ластанған зонада орналасқан. Ауданды ластайтын жақын маңында орналасқан қала және ауылдар; Алматы, Боралдай, Талғар, Есік, Түрген, Қапшағай және ауылдар Аксеңгір, Күрті, Шемалған, Междуреченское, Шенгелді, Жетіген, Байсерке, Өтеген батыр, Покровка, Ават, Балтабай, Маловодное және Іле аңғарының орталық бөлігіндегі басқада ауылдар.

Жұмыс ауданында ұзындығы 100 км «Түрксіб» теміржолы және қайта құрылған Жетіген-Хоргос темір жолы бар. Батыстан шығысқа қарай 43°30' ендікте Ташкент – Алматы газ құбыры жүреді.

Сарбұлақ өзені маңында 10-нан 100 м дейін ластану зонасы қалыптасады.

Ауданның гидрографиялық торабы Іле Алатау, Шолақ және Шу-Іле тауында жақсы дамыған.

Кіші Алматы, Қарасу, Шеңгелді жер беті өзендері ішуге жарамсыз, өйткені құрамында ауыр металдар анықталды. Алматы қаласын сумен жабдықтау үшін терең горизонттарағы су қолданылады.

Іле өзенінің солтүстік жағалуы мен Қапшағай суқоймасы грунты мен топырағында мырыштың мөлшері 2-3 есе (Ақши ауылы), молибден 5-6 есе, ванадий 20 есе, қорғасын 3 есе, сынап 3 есе (Иссык қаласы, Еңбек), мышьяк 2 есе, стронций 3-4 есе, ниобий 2 есе, мыс 3 есе (Түрген ауылы) көп екендігі байқалды.

Іле аңғары грунтында мұнай өнімінің мөлшері 100 есе көп екендігі анықталды.

Геоэкологиялық жағдайы нашар участок Н:1 – Н:4 саналады. Участок Н-1 Шу-Іле тауының шығысы мен Күрті өзені арасында орналасқан.

Оның беті тегіс, Күрті өзеніне қарай еңкіш келген, 2-3м тереңдікке дейін уақытша су аңғарларымен қиылысады. Аумақтың көп бөлігі егістік жер алып жатыр.

Участок Н-2 Күрті өзенінен Мойынқұм құмына дейін Қаскелең өзені бойымен орналасқан. Жазық оңтүстікке қарай еңкіш, оңтүстік шығысы барханды құмнан құралған, борпылдақ сынықты материалдар жиналған (түпкілікті таужыныстардың шығуы) кеуіп қалған су арнасы кездеседі. Участок ауылшаруашылығына (егістік жерлер) қолданылады.

Бұдан басқа Н-2 ауданы арқылы газ құбыры, көлік және темір жолдар өтеді. Бұл зоналарда қорғасын, кадмий, мұнай өнімдері 5-6 есе көп болады. Ауаға шығатын газбен бірге қорғасын бөлінеді (оксидтер, хлоридтер, фторидтер, сульфаттар) және жол жиегіне шөгеді. Авто көлік жолынан 5-10м жерде топырақта қорғасын мөлшері 0,6-0,7% шөпте 0,004-0,005% болады.

Участок Н-4 Қапшағай суқоймасының солтүстік жағалуынан Іле өзені бойымен Шолақ туына дейін бөлінген.

Ол суқоймасына қарай еңкіш болып келген, көптеген уақытша су арнасымен бөлінген.

Жерді қарқынды суғарудан шұғанақтар пайда болады, топырақ Қапшағай суқоймасына қарай шайылады. Участоктың батыс бөлігінде биіктігі 10 м Джаманкум дөңес құмы байқалады.

Участок Н-5 Кіші Алматы-Ащысай өзендерінің арасында орналасқан. морфологиялық жағынан бұл аллювиальды-пролювиальды тауарлық жазық құмды-сазды түзілімнен құралған.

Участок У-1 Қопа-Қаскелең өзендері арасында неоплейстоценнің лесс тәрізді саздақтарында бөлінген. Участок беті солтүстікке қарай еңкіш, су арналарымен кесілген.

Құрғақ арналардың тереңдігі 5-тен 50м, көлденең профилі каньон тәрізді. Өзен аңғары бойымен ауыл орналасқан.

Аудан мал шаруашылығына қолданылады. Фермалардың негізгі қалдықтары азот, фосфор, калий, бұлар қоршаған ортаға ондай бір әсерін тигізбеді.

Участок У-2 Қапшағай суқоймасы территориясын алып жатыр. Суқоймасының солтүстік және оңтүстік жағалауы түбінен алынған сынамадан ластаушы элементтер табылмады.

Участок У-3 Бұрғансу тауының маңында орналасқан. Мұнда табиғи эрозиялық процестер жақсы көрінеді: шайылу және борпылдақ сынықты материалдардың қайта түзлуі, конье тәрізді профилдер.

Участок Б-2 Шолақ тауының оңтүстік беткейінде орналасқан. учасоктың көп бөлігін Алтынемел ұлттық паркі алып жатыр. Грунтты жолдар жоқ, геологиялық барлау және өндіру жұмыстары жүргізіледі, тек оңтүстік-батыс бөлігінде ғана қыстаулар бар.

Участок Б-3 Іле Алатауында бөлінген. Іле Алатауының барлық территориясы ұлттық парк болып саналады.

2 Жобадағы жұмыстардың әдістемесі және жұмыстардың көлемі

2.1 Шешуге тиісті геологиялық мәселелер

Жобада геологиялық тапсырмалардың негізі, болашағы бар деген Галенит кенбілімі көлемінде С₂ категориясы бойынша қорын және Р₁ категориясы бойынша болжамдық ресурстарды алғашқы геолого-экономикалық бағалау арқылы кезекті геологиялық барлау жұмыстарын негіздеу болып табылады.

Осы жоба бойынша мынандай геологиялық мәселелерді шешу көзделді:

1) әрбір 40-50м сайын канаваларды жүргізу арқылы кенді денелерді кеңістікте пішімдеу.

2) ұңғымаларды бұрғылау арқылы жалпы түрде тереңдікте кенді дененің ішкі құрылысын және жатыс жағдайын, кендердің заттық құрамын анықтау

3) аз көлемді технологиялық сынамалар алу арқылы бастапқы түрде кендердің технологиялық қасиеттерін зерттеу.

4) кен білінімінің перспективасы жайлы техника-экономикалық пікірін (ТЭП) құрастыру.

2.2 Тау-кен жұмыстары

2.2.1 Канаваларды жүргізу

Берілген кенді денелерді, линзаларды, кварцтану және пириттену белдемдерін жер бетінде ашу мақсатында канавалар жүргізу жобаланады. Канаваларды желілердің созылымына тік бағытта желілерді толығымен кесіп өткенге дейін жүргізіледі, және де 5-10м-ге шейін бос таужыныстарды кесіп өтіп тоқтатылады.

Канаваларды әрбір 40-50м сайын жүргізу қажет. Канавалардың ұзындығы 10 метрден 60 метрге дейін барады. Бірақ ұзындығы кенді денелердің қалыңдығына тәуелді болады. Жоба бойынша 5 канава жүргізілді. Канавалардың барлық созылымы 142,5 п.м. болып келеді. Бұрын жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша канавалардың тереңдігі 1,5 м, ал ені 1 м болған. Жобаланған канавалар осы өлшемдерді пайдалана отырып жүргізілді. Барлық канавалар қолмен қазылды. Жер бетінде жүргізілетін канавалардың жалпы көлемі мынандай болады:

$$142,5 \text{ п.м.} \times 1,5 \times 1 = 213,75 \text{ м}^3.$$

2.3 Бұрғылау жұмыстары

Галенит кен білінімінде іздеу-бағалау жұмыстарын жобалау барысында жұмыстар кешеніне ұңғымаларды бұрғылау кіреді. Кенді минералданудың тереңдікте орын алуын зерттеу, қоршаған таужыныстары қималарын зерттеу мақсатында және геологиялық қималарды салу үшін бұрғылау жұмыстары жобаланады.

Жоба бойынша 3 ұңғыма бұрғыланады. Ұңғымалардың барлығы колонкалық бұрғылау әдісімен бұрғыланады. Кенді денені 100м тереңдікте қиып өту мақсатында 3 ұңғыма бұрғыланады. Жоба бойынша 300п.м. бұрғылау жұмыстары жүргізіледі.

Бұрғылаудың техникалық жағдайы және мақсаты. Кенді минералданудың тереңдікте орын алуын зерттеу, қоршаған таужыныстары қималарын зерттеу мақсатында және геологиялық қималарды салу үшін бұрғылау жұмыстары жобаланады. Қоршаған таужыныстардан және кенді дене бойымен көтерілетін керннің шығымы 70%-тен кем болмауы керек. Бұрғылау бір рейсте 3м жылжуы керек. Ал кенді денеге жақындаған кезде бұрғылау рейсі 1,5м-ге қысқартылады. Жоба бойынша 300п.м. бұрғылау жұмыстары жүргізіледі. Оның ішінде ең терең ұңғы 100м болды.

1-кесте
Геологиялық қима

№	Таужыныс тардың сипаттамасы	Таужыныс тардың қалыңдығы, м	Бұрғылан ғыштық категориясы	Ұңғыманың конструкциясы
1	Төрттік жүйесінің түзілімдері: делювийлі туфтар, туфты құмтастар, құм-саздар	0-7,5м	III-категория	
2	Таскөмір жүйесінің түзілімдері: туфтар, туфиттер, туфты құмтастар	7,5-100м	VIII-X категория	

Бұрғылау әдісін таңдау және ұңғыманың көлбеу бұрышын анықтау. Жоба бойынша барлық ұңғымаларды колонкалық бұрғылау әдісімен бұрғылау жобаланады. III – категориялы таужыныстар М-5 типті қатты қорытпалы коронкалармен, ал VIII-X-категориялы таужыныстар А4ДП типті алмасты коронкалармен бұрғыланады. Қоршаған таужыныстардың және кен денелері 75° бұрышпен құлауын және ұңғы оқпаны мен кен денесі кездесу бұрышы 30° кем

болмауы қажет екендігін ескере отырып ұңғымалар 75-80° көлбеу бұрышпен бұрғыланады.

Ұңғыманың конструкциясын жобалау. Ұңғыманың конструкциясы екі сатылы болып келеді. Лабораториялық зерттеу үшін жеткілікті керн көтеруді қамтамасыз ету мақсатында және геофизикалық зерттеу жүргізгенде қолданылатын аппаратуралар ұңғыға бос түсе алатындай кендік болу үшін ұңғыманың ақырғы диаметрі 59мм болады. Ал ұңғыманы бастап бұрғылау 76мм диаметрмен жүзеге асырылады. Ұңғының қабырғасы 0-20м-ге дейін 73мм диаметрлі шегендеу құбырымен бекітіледі.

Бұрғы қондырғысын таңдау. Ұңғыма УКБ-200/300 (УКБ-3) бұрғы қондырғысымен бұрғыланады. Бұл қондырғымен тік және көлбеу ұңғыларды әртүрлі қажағыш материалдарды пайдалана отырып бұрғылауға болады. Бұл қондырғының негізгі моделі УКБ-200/300 бұрғылау станогынан, МР-6 металдан жасалған бұрғылау діңгегінен, НБ-11Н жуу насосынан, электр двигателінен немесе дизельден, сүйретпе шанадан, механикаландырушы кешеннен, бұрғылау құбырларын бұрап нығайтатын немесе бұрап ағытатын (РТ-300) механизімінен тұрады. Осы қондырғыны негізге ала отырып, Д-37М-С2 маркалы іштен жанатын двигательді таңдаймыз. Сонымен қатар УКБ-200/300 бұрғылау қондырғысы үшін үш плунжерлі НБ-11Н маркалы жуу насосын қолданамыз. Ол қуаты 5,5кВт жеке электр моторынан күш алады. Бұл қондырғы өлшегіш-бақылағыш аппаратураларымен жабдықталады. Олар арқылы забойға берілетін осьтік қысым мөлшерін, бұрғы аспабының салмағын, бұрғылау жылдамдығын, бұрғылауға және аспапты көтеруге жұмсалған қуат мөлшері анықталады және бақыланып отырады. Бұрғы қондырғысының техникалық сипаттамасы келесідей:

Бұрғылау тереңдігі - 200-300м

- бұрғылау диаметрі бастапқы – 76мм, ақырғы – 59мм;
- ұңғының көлбеулік бұрышы – 0-360°;
- бұрғылау құбырының диаметрі – 42мм;
- шпиндель жүрісі – 500мм;
- гидроцилиндрдің жүк көтергіштігі – 4т
- шпиндельдің айналу саны – айн/мин:
- 1-ші диапазон – 109,8; 198; 355,2; 555; 816;
- 2-ші диапазон – 160,2; 289,2; 514,8; 804; 1182
- лебедканың жүк көтергіштігі – 2т
- май насосының типі – БГ12-22А
- жуу насосы – НБ-11Н
- іштен жанатын двигателі – Д-37М-С2

Тазалағыш агентті таңдау. Ұңғыманы жуудың екі түрлі әдісі бар: тура және кері жуу. Жоба бойынша тура әдісін таңдаймыз. Ұңғыманы жуатын сұйықтардың ішіндегі ерекшесі - балшық ерітіндісі. Осы балшық ерітіндісімен ұңғымаларды жуу жобаланады. Басқа сұйықтарға қарағанда балшық ерітіндісінің мынадай ерекшеліктері бар:

1) Ұңғыманың қабырғасына қабыршақ орнатып, опырылмастай бекітеді.

- 2) Шырайналма ағыстың жүрісі тоқтасымен, ерітінді жылдам қоюланады да іркілдек массаға айналып, көтеріліп бара жатқан бұрғылау ұнтақтарын забойға қайта түсірмей, қалықтатып көпке дейін ұстап тұрады.
- 3) Жұмыс кезінде бұрғы аспабын және шегендеуші құбырларды ерітінді майлайды, сол себепті олар аз желініп, қолданылу мерзімін ұзартады.

Балшық ерітіндісінің параметрлері төмендегідей:

- а) тұтқырлығы – 21 сек.
- ә) меншікті салмағы – $1,2 \text{ г/см}^3$
- б) құм мөлшері - 4%
- в) 30 минут ішінде су беруі – 25 см^3
- г) коллоидтығы - 96%
- ғ) тәуліктік тұнбасы - 4%
- д) балшық қабыршығының қалыңдығы – 3мм
- е) ығысудың статикалық кернеуі – 20 мг/см^2

Бұрғы мұнарасы және үйшігін таңдау. Көтеріп-түсіру операциясын орындау және сменадағы жұмысшылармен бұрғы агрегатын атмосфералық өзгерістерін сақтау үшін бұрғы мұнарасын орнату қажет. Бұрғы мұнарасы екі бөлешектен, яғни бұрғы мұнарасы мен бұрғы үйшігінен тұрады. Мұнара бұрғы снарядтарын және шегендеуші құбырларды көтеріп-түсіруге арналады, ал бұрғы үйінде бұрғы станогы, насос және двигатель орналасады. Ұңғыманың тереңдігі 250м-ге дейін болғандықтан мұнараның биіктігі 9м болады. Бұрғы мұнарасы металдан жасалады. Металдан жасалған бұрғы мұнарасының жеке басын копер деп атайды. Ол үш және төрт аяқты болады. Жоба бойынша төрт аяқты коперді қолданамыз. Мұнараның жүк көтергіштігі ұңғымадан көтерілетін ең ауыр колоннаның салмағынан 1,5 есе артық болуы қажет. Бұрғы бағанасының бойынан 1-1,2м төменірек жоғарғы жұмысшының сөресі орнатылады, сонда жұмыс атқаруға жақсы жағдай туады. Сөренің жан-жағы айналдыра қоршалады. Жүріс сатылары сөреге дейін орнатылады, ал одан биікке яғни кронблокқа дейін тоннель тәрізді саты қойылады. Жүріс сатыларын орнатқанда, оның құлау бұрышы 60° -тан аспауы тиіс. Сатының ені 0,7м-ден кем келмеуі қажет. Сатының әрбір баспалдағының аралығы 0,3м-ден биік болмауы керек. Сөрелермен ауысу алаңдары айнала қоршалады, осы қоршаулардың биіктігі 1-1,2м-ден кем болмауы керек. Жоғарыдан жерге еш нәрсе түсіп кетпеуі үшін сөрелер мен ауысу алаңдарының еденін саңылау қалдырмастан 20см-лік биіктікке дейін тақтаймен көмкереді. Жобаланған мұнараның биіктігі 9м болғандықтан жүріс сатыларын мұнараның ішінде орнатылады. Мұнара тұратын грунт жұмсақ болғандықтан, мұнараның әрбір аяғының астынан алаңы $0,5 \times 0,5$ тереңдігі 0,75-1м-ден кем емес іргетас бағаналары (тумбалар) орнатылады.

Мұнара белдіктері 2,5-3м болады. Ең төменгі белдіктің бұрғы үйінің шатырының үстінен, яғни жер бетінен 3,5м биіктікте жасалады. Мұнара неғұрлым орнықты болуы үшін оны сым арқанмен төрт жағынан керіп тартып тасталады. Мұнараның төменгі рамасынан қашықтығы мұнараның биіктігінен кем түспейтін жерге қазып орнатылған қазықтарға тартпа арқандарының төменгі ұштарын, ал жоғарғы ұштарын мұнара бойының үш ширек биіктігінде

мұнараның аяқтарына байланады. Тартпа арқанның диаметрі 12 мм-ден кем болмауы керек.

Мұнараны орнатқанда желдің бағытын ескеру қажет. Осыған байланысты желдің өтіне мұнараның кез-келген бұрышын қарату керек, сонда желдің әсері мұнараға аз беріледі де, мұнара нықтала түседі.

Металддан жасалған коперларды жерге жатқызып қойып құрастырылады да жинаулы күйінде тік тұрғызады. Металдан жасалған бұрғы мұнарасының биіктігі – 12м, бағана ұзындығы – 9м, жүк көтергіштігі - 10т, жоғарғы раманың өлшемі – 1,5 x 1,5м, ал төменгі раманың өлшемі – 4,5 x 4,5 м болады. Мұнараның салмағы - 3т

Бұрғы үйшігін бөренелерден немесе тақтайлардан құрастырады. Жергілікті жердің климаты ыстық болғандықтан үйді жеңіл етіп жасау қажет. Қабырғалары және төбесі тақтайдан жасалған қалқандардан құрастырылады. Бұрғы үйінің биіктігі – 2,5-3м, ал аудандары – 4,6 x 9м болу керек. Бұрғы үйінің алдыңғы жақ төбесінен бұрғы снаряды шығарылатын люк жасалады. Үйдің едені мен мұнара сөрелерінің еденін қалыңдығы 50мм тақтайлардан, араларында қуыс қалдырмай жасалады. Бұрғы үйінде сыртқа ашылатын кем дегенде екі есік болуы керек.

Бұрғы үйінің айналасында ешқандай өндіріс үйлері салынбау керек. Ең жақын орналасқан үйдің жақындығы үйдің биіктігінен 1,5 есе алыс жерде болуы қажет.

Бұрғы үйінің маңайында бұрғылау құбырлары тұратын және басқа керекті жабдықтар тұратын алаңдар, автокөлік келетін жолдар әрқашан ашық, өрт сөндіргіш саймандар көрнекті жерде арнаулы қалқанға ілулі тұруы қажет.

Бұрғы құбырларын, шегендеуші және колонкалық құбырларды және көтеріп-түсіру операцияларына керекті жабдықтарды таңдау. Бұрғыланған таужынысының кернін қабылдап алу және бұрғылау кезінде ұңғыма бағытын өзгертпей дұрыс сақтау үшін колонкалы құбыр қолданылады. Айналымды тәсілді қолданып, колонкалы бұрғылаумен ұңғыма қазғанда екі түрлі құбырлар қолданылады. Олар – колонкалы жалқы және қос құбырлар. Осы аталған құбырлар ішінен колонкалы жалқы құбырды таңдап алу жобаланады. Колонкалы құбырдың жалпы ұзындығы 6м болады.

Бұрғылау кезінде колонкалы құбырға әртүрлі күштер әсер етеді, сондықтан ол өте күрделі кернеуге қарсы тұра алатындай берік болуы қажет. Ондай күштер осьтік салмақпен снарядты айналдыру моментінің әсерлерінен туады. Осыған байланысты колонкалы құбырларды, созылуға уақытша кедергісі 65кг/мм^2 -ден кем түспейтін болаттардан, көбінесе Д маркалы болаттан жасайды. Колонкалы құбырлардың сыртқы диаметрі 73мм, ал ішкі диаметрі 59мм болады. Колонкалы құбырдың өне бойы өте түзу келуі тиіс. Қисаю шегі 1м ұзындыққа – 0,67мм болуы керек. Колонкалы құбырларды тексеретін цилиндрдің сыртқы диаметрі 62,7мм болуы керек. Ниппельдің қисаюуы 1м ұзындықта 1,5мм аспауы қажет.

Колонкалық құбыр жан-жағынан бірдей қажалмайды. Сондықтан снаряд көтерілген сайын колонкалық құбырдың овальданғанын, қабырғасының желінгенін белгіленген мөлшерден, яғни 2мм асып кетпеуін қадағалап-бақылап

отыру керек.

Бұрғылау құбырлары негізгі саймандар қатарына жатады. Олар бұрғылау кезінде өте қиын және күрделі кернеулерге төтеп береді. Бұрғылау құбырлары арқылы бұрғы снарядын көтеріп-түсіреді, айналдырады, забойға жуу сұйығы жіберіледі және осьтік қысым (салмақ) беріледі. Сыртқы диаметрі 42мм болып келетін бұрғы құбырын қолдану жобаланады.

Бұрғы құбырының ұзындығы 3м болады. Көтеріп-түсіруге кететін уақытты кеміту үшін көтеру кезінде әрбір құбырды колоннадан жекелеп ағытпай екі немесе үш құбырды тұтасымен көтеру керек.

Опырылмалы жыныстарды бұрғылағанда ұңғыма қабырғасын жыныстары құлап түспеу үшін және бұрғы снарядын басып қалмау үшін ұңғыманың қабырғасын шегендеуші құбырлар коллонасымен бекітіледі. Ұңғыма қабырғасы балшық ерітінділерімен бекітіледі. Себебі бұл бекітудің ең оңай түрі болып келеді. Шегенденуші құбырлар бір-бірімен ниппель арқылы жалғасады. Құбырлардың ұзындықтары 2,5-4,5м болады. Сыртқы диаметрі 73мм болатын шегендеуші құбырларды қолдану жобаланады. Шегендеуші құбырлар қисық болмауы керек. Олардың қисаюына мынандай шек қойылады: әрбір 1,5м ұзындыққа қисаю мөлшері 1мм аспауы керек.

Бұрғылау кезінде аспап кескіші забойлық жыныстармен үйкеліседі, сондықтан ол қажалудан мұқалып, бірте-бірте жыныс талқандауын мүлде тоқтатады. Сол секілді коллоналы құбыр кернге толғанда керн өзгерткішке тіреледі де ұңғыманың тереңдеуі тоқталады.

Міне, осы жағдайларда бұрғы аспабын көтеріп жер бетіне шығарып, жыныс талқандаушы аспапты ауыстырып, кернді шығарып алады да бұрғы аспабын ұңғымаға қайта түсіріп бұрғылау процесі әрі қарай жүргізіле береді. Сондықтан көтеріп-түсіру операциясы қайталанып тұратын процесстерге жатады. Бұрғылауға жұмсалатын уақыттың 25%-і осы көтеріп-түсіру операциясын орындауға кетеді. Көтеріп-түсіру операциялары бұрғы станогының лебедкасы, мұнара көмегімен атқарылады.

Қазіргі кезде бұрғылау құбырларын бұрап нығайтатын немесе бұрап ағытатын РТ-1200 механизімі кеңінен қолданылады. Жоба бойынша осы механизмді қолданамыз.

Жабдықтардың орналасу сұлбасын және бұрғылауды бастау әдісін таңдау. Ұңғыманы бұрғылаудың алдында дайындық жұмысы жүргізіледі. Бұрғы алаңына жол тартылып, мұнараның айналасын 15м-дей кеңістікке дейін өсімдіктерден тазартып, алаңды жақсылап тазалап тегістеу керек. Одан кейін бұрғы агрегаттары орнатылады, шырайналма жүйе қазылады. Құбырлар орналасатын тұғырлар орнатылып, 50м қашықтықта жанар-жағармайлар қоймасы салынады, балшық араластырғыш қондырылып керекті материалдардың қоры жеткізілуі керек.

Бастап бұрғылау алдында ұңғыма бұрғыланатын жерде кішкене шұңқыр қазылады. Станоктың шпинделін қажетті азимут және зенит бұрышына дәл келтіріп бекітіледі. Содан кейін бастаушы бұрғыны шұңқырға түсіріп, шпиндель ішіндегі жетектеуші құбырмен жалғастырылады. Осыдан кейін бұрғылау

басталады. Бұрғылай бастағанда бұрғы аспабына өте аз айналым беріледі. Ұңғыманың өз бағытымен бұрғылауын және оның қабырғасындағы жыныстардың опырылмауын мұқият бақылап тұру қажет. Ұңғыманың 5м тереңдеткесін бұрғы снарядын көтеріп, ұңғыманы бағыттағыш құбырмен бекітуі қажет. Бағыттағыш құбырдың башмағын тығыз жынысқа тірейді. Құбырды түсірер алдында ұңғымаға екі шелектей май балшық тасталады. Ұңғыманың окпанын шегендеуші құбырлар колонасымен бекітіледі. Оны кондуктор деп атайды. Кондуктор қойылатын тереңдік 20-30м-дей болады. Кондуктордың башмағы орнықты жыныстардың ішіне 2-3м-дей кіріп тұруы қажет. Бағыттағыш құбыр мен кондуктор орнатылғаннан кейін ұңғыма керекті тәртіппен әрі қарай бұрғыланады.

Ұңғымаларды бастап бұрғылау III-категориялы таужыныстарға арналған М-5 типті қатты қорытпалы коронкалармен бұрғылау қарастырылады. Ал негізгі бұрғылау VIII-X – категориялы жыныстарға арналған А4ДП типті алмасты коронкамен жобаланады.

Бұрғылаудың технологиялық тәртібінің параметрлерін жобалау.

Бұрғылау өнімділігіне технологиялық тәртіптің параметрлері үлкен әсер етеді. Технологиялық тәртіптің негізгі параметрлері:

- а) осьтік күш;
- ә) айналу жиілігі;
- б) шайғыш сұйықтың мөлшері.

М-5 типті қатты қорытпалы коронкамен 0-10м аралықты бұрғылау жобаланады.

Қатты қорытпалы коронканың айналу жиілігі мына формула бойынша наықталады:

$$N = \frac{6V_k}{D} \text{ ай/м} \quad (2.3.1)$$

мұнда: V_k – коронка айналымының сызықтық жылдамдығы, мәні 0,6-2,0м/с аралығында

D – бұрғылаушы коронканың сырқы диаметрі, м

$$N = \frac{61050}{D} \text{ ай/м} \quad (2.3.2)$$

Осьтік күштің үйлесімді мәні мына формула бойынша анықталады:

$$P = P_0 \times m, \text{ Н} \quad (2.3.3)$$

Мұнда: P_0 – коронканың әрбір негізгі кескішіне берілетін меншікті күш мөлшері, 0,22Н

m – коронканың негізгі кескіштер саны, 16 дана

$$P = 16 \times 0,22 = 3,52 \text{ Н}$$

Шайғыш сұйықтың мөлшері мына формула бойынша анықталады:

$$Q = q \times D, \text{ л/мин} \quad (2.3.4)$$

Мұнда: q – коронка диаметрінің 1см ұзындығына берілетін шайғыш сұйықтың үйлесімді шығыны;

D – коронканың сыртқы диаметрі, см

$$Q = 12 \times 7,6 = 91,2 \text{ л/мин} \quad (2.3.5)$$

7,5м-ден 100м-ге дейінгі аралықты А4ДП типті алмасты коронкамен бұрғылау жобаланады.

Алмасты коронкалармен бұрғылаған кезде VIII-X категориялы таужыныстар үшін коронканың шеңберлік жылдамдығының мәні мына мөлшерде алынады, $V_k = 3-4\text{м/с}$.

Ал коронканың диаметрі 59мм болады. Алмасты коронканың айналым саны мына формуламен есептеледі:

$$N = \frac{60 \cdot V_k}{D} \text{ айм} = \frac{60 \cdot 3}{0,059} = 30180 \text{ айм} \quad (2.3.6)$$

Алмасты коронканың үстінен басатын осьтік күштің мөлшері мына формуламен есептеледі:

$$P = P_o \times S \quad (2.3.7)$$

Мұнда: P_o – алмас коронканың 1см^2 жұмысшы ауданына берілетін үйлесімді күш мөлшері, VIII-X категориялы жыныстар үшін $0,6\text{ Н}$ болады.

S – алмас коронканың жұмысшы түбінің ауданы, см^2

Алмас коронканың түбінің жұмысшы ауданының мәнін мына формуламен анықтауға болады:

$$S = K \frac{\pi D^2}{4}, \text{ см}^2 \quad (2.3.8)$$

Мұнда: K – коронканың жұмысшы ауданының сұйық шығатын жырашалар болғандығынан кішірейетіндігін ескеретін коэффициент: ($K=0,6-0,8$)

$$S = 0,7 \frac{3149}{4} = 192, \text{ сонда}$$

$$P = 0,6 \times 19,12 = 11,5\text{кН}$$

Шайғыш сұйықтың мөлшері мына формуламен есептеледі:

$$Q = q \times D, \text{ л/мин} \quad (2.3.9)$$

q – коронка диаметрінің 1мм ұзындығына берілетін шайғыш сұйықтың меншікті көлемі, $0,5\text{л/мин}$

$$Q = 0,5 \times 5,9 = 2,95\text{л/мин}$$

Керн шығымын арттырудың шаралары. Жобаланған керн шығымын алу үшін мынадай шараларды қолдану керек:

- 1) бұрғылау жылдамдығын арттыру арқылы забойдағы бұрғы инструментінің жұмыс істеу уақытын шектеу;
- 2) пайдалы қазба бойынша қос құбырлы снарядтармен бұрғылау (ССК кешені).
- 3) Қысқартылған рейстерді қолдану;
- 4) Шайғыш сұйықтың мөлшерін азайту керек немесе құрғақ түрде бұрғылау:

Тексеру есептері. Бұрғылау процессіне жұмсалатын қуат мөлшері бұрғылау колоннасын бос айналдыруға кететін қуаттан ($N_{б.а.}$), забой бетіндегі жынысты талқандауға жұмсалатын қуаттан (N_3) және бұрғылау колоннасын осьтік күшпен үстінен басқанда туатын, кедергіге кететін қосымша ($N_{кoc}$) қуаттан тұрады.

Бұрғылау колоннасын бос айналдыруға жұмсалатын қуат мөлшерін келесі формуламен есептейміз:

$$N_{б.а.} = 2,5 \times 10^{-6} \times K_1 \times K_2 \times K_3 \times (0,9+0,26) \times qdn^{1,83} \cdot L^{0,75}, \text{ кВт} \quad (2.3.10)$$

Мұнда. K_1 – бұрғылау құбырының сапасын және бір-біріне жалғасу түрін ескеретін коэффициент, $K_1=0,65$

K_2 – дірілге қарсы жағар майдың және эмульсиялы ерітіндінің, техникалық судың және балшық әсерін ескеретін коэффициент, $K_2 = 0,6$

K_3 – ұңғыма қабырғасының әсерін ескеретін коэффициент, $K_3=1,0$

b – бұрғылау құбырымен ұңғыма қабырғасының арасындағы саңылаудың радиалдық бағыттағы ұзындығы, м

$$b = \frac{(D-d)}{2}; \quad (2.3.11)$$

D - ұңғыма диаметрі

d -бұрғы құбырының диаметрі

$$b = \frac{(0,7659 - 0,59)}{2}$$

q – 1м ұзындығы бар бұрғылау құбырының массасы, кг

L – ұңғыма тереңдігі

n – бұрғылау құбырының айналым саны, айн/мин

d – бұрғы құбырының диаметрі, м

$$N_{б.а.} = 2,5 \times 10^{-6} \times 0,65 \times 0,6 \times 1(0,9 + 0,2 \times 0,0085) \times 4,56 \times 0,042 \times 972^{1,83} \times 250^{0,75} = 31,07 \text{ кВт}$$

Забой бетіндегі жыныстарды талқандауға жұмсалатын қуат мөлшері мына формуламен анықталады:

$$N_3 = 2 \times 10^{-4} \times P \times n \times D_{op}, \text{ кВт.} \quad (2.3.12)$$

$$N_3 = 2 \times 10^{-4} \times 11,5 \times 972 \times 0,059 = 1,3 \text{ кВт.}$$

Колоннаның қысылған бөлігін айналдыруға жұмсалатын қуат мөлшерін мына формуламен анықтайды:

$$N_{кoc} = 8,0 \times 10^{-6} P \times n; \text{ кВт} \quad (2.3.13)$$

$$N_{кoc} = 8,0 \times 10^{-6} \times 11,5 \times 972 = 0,9 \text{ кВт}$$

Бұрғы станогының айналдырғышын жұмысқа қосу үшін жұмсалатын қуаттың толық мөлшері мынаған тең:

$$N_T = \frac{N_{б.а.} + N_3 + N_{кoc}}{\eta}; \text{ кВт} \quad (2.3.14)$$

Мұнда: η – станоктың білігінен айналдырғышына дейінгі берілістің пайдалы әсер коэффициенті, $\eta = 0,8-0,85$

$$N_T = \frac{31,07 + 1,3 + 0,9}{0,8} = 41,6 \text{ кВт.}$$

Көтеріп-түсіру операциясына жұмсалатын қуатты есептеу. Лебедканы жүргізуге жұмсалатын қуат мына формуламен анықталады:

$$N_{л} = \frac{\varphi Q i \times V_0}{102 \eta_{лm}}; \text{ кВт} \quad (2.3.15)$$

Мұнда: φ – бұрғылау колоннасын көтергенде туатын қосымша кедергіні ескеретін коэффициент, $\varphi=1,2$;

$\eta_{л}$ – көтергіш қондырғының жалпы пайдалы әсер коэффициенті, $\eta_{л}=0,8$

V_0 – лебедка барабанына оралатын сым арқанның оралу жылдамдығы, 2м/с

Q_i – бұрғылау колоннасының салмағы, кН

α - құбыр қосылыстарының салмағын ескеретін коэффициент, $\alpha=1,06$

$Q_k Q_a$ - ұзындығы 1м бұрғылау құбырының салмағы, кг

$$L_k, L_a - \text{күбырдың ұзындығы, м}$$

ρ - жуғыш сұйықтың тығыздығы, кг/м³

